



ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ
МИНИСТЕРСТВО ОБРАЗОВАНИЯ И НАУКИ
РЕСПУБЛИКИ КАЗАХСТАН
MINISTRY OF EDUCATION AND SCIENCE
OF THE REPUBLIC OF KAZAKHSTAN



Л. Н. ГУМИЛЕВ АТЫНДАҒЫ
ЕУРАЗИЯ ҰЛТТЫҚ УНИВЕРСИТЕТІ
ЕВРАЗИЙСКИЙ НАЦИОНАЛЬНЫЙ
УНИВЕРСИТЕТ ИМ. Л. Н. ГУМИЛЕВА
GUMILYOV EURASIAN
NATIONAL UNIVERSITY



Студенттер мен жас ғалымдардың
«Ғылым және білім - 2015»
атты X Халықаралық ғылыми конференциясының
БАЯНДАМАЛАР ЖИНАҒЫ

СБОРНИК МАТЕРИАЛОВ
X Международной научной конференции
студентов и молодых ученых
«Наука и образование - 2015»

PROCEEDINGS
of the X International Scientific Conference
for students and young scholars
«Science and education - 2015»

УДК 001:37.0
ББК72+74.04
Ғ 96

Ғ96

«Ғылым және білім – 2015» атты студенттер мен жас ғалымдардың X Халық. ғыл. конф. = X Межд. науч. конф. студентов и молодых ученых «Наука и образование - 2015» = The X International Scientific Conference for students and young scholars «Science and education - 2015». – Астана: <http://www.eni.kz/ru/nauka/nauka-i-obrazovanie-2015/>, 2015. – 7419 стр. қазақша, орысша, ағылшынша.

ISBN 978-9965-31-695-1

Жинаққа студенттердің, магистранттардың, докторанттардың және жас ғалымдардың жаратылыстану-техникалық және гуманитарлық ғылымдардың өзекті мәселелері бойынша баяндамалары енгізілген.

The proceedings are the papers of students, undergraduates, doctoral students and young researchers on topical issues of natural and technical sciences and humanities.

В сборник вошли доклады студентов, магистрантов, докторантов и молодых ученых по актуальным вопросам естественно-технических и гуманитарных наук.

УДК 001:37.0
ББК 72+74.04

ISBN 978-9965-31-695-1

©Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия
ұлттық университеті, 2015

психолога.

Список использованных источников

1. Бретт Д. «Жила – была девочка, похожая на тебя...»: - М.: Независимая фирма «Класс», 1996. С.28.
2. Психокоррекционная и развивающая работа с детьми: Учеб.пособие для студ. сред. пед. учеб. заведений / И.В.Дубровина, А. Д. Андреева, Е.Е.Данилова, Т. В. Вох-мянина; Под ред. И.В.Дубровиной. – М.: Издательский центр «Академия», 1998.С. 88-90
3. Стрелкова Л.П. Уроки сказки. – М., 1989. С.55.

УДК 316.344.6-056.266

ҚОЛЖЕТІМДІ ОРТА - МҮМКІНДІГІ ШЕКТЕУЛІ АДАМДАРДЫҢ ӨМІР СҮРУ САПАСЫНЫҢ КӨРСЕТКІШІ РЕТІНДЕ

Кәмен Диана Қасымқызы

diana_94_94@bk.ru

Астана, Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия Ұлттық Университеті , «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 3 курс студенті, Астана, Қазақстан
Ғылыми жетекшісі- Сүлейменова Г.Т.

«Мүмкіндігі шектеулі азаматтарымызға көбірек көңіл бөлу керек.
Олар үшін Қазақстан кедергісіз аймаққа айналуға тиіс...»Н.Ә. Назарбаев
2014 жылғы 17 қаңтардағы Қазақстан халқына жолдауынан

Мүгедектерге қол жетімді ортаны зерттеу Еуропа мен Америка елдеріндегі заңдылықтардың дамуына қарағандаресейлік қалалардың эволюциясы көп жағдайда ажыратылады. Қалалық ортаның гуманизациялық мысалы ретінде 1975 жылға дейінгі АҚШ-ты сөз етсек болады. «Мүгедектер туралы заң» түбегейлі өзгерді-арнайы құрылған құрылысшылар мен мердігерлер бригадасы Американың барлық штаттарын аралап, пандустарды зерттеп, нәтижесінде күннен күнге мүгедектер үшін АҚШ қалаларының қолжетімдігін дамытты.

Мұндай қызмет 1998 жылы Майамидың Флорида штатында өткен бірінші Халықаралық туристік-мүгедек конгрессінде әр елден келген өкілдерді қызықтырды. Осы негізде Отандық парадигма қалаларды зерттеудің 4 басты кезеңін баса айқындайды[1]. Бірінші кезең тарихи кезеңнің қалыптасуына дейінгі пәнімен байланысты, бұл XIX ғасырдың аяғы және XX ғасырдың 30 жылдар аралығын қамтиды. Бұл кезең әлеуметтік толқулар-әлеуметтік экология және қалалардың әлеуметтік көрінісі тақырыбына бағытталды. Бұл ретте қала отырықшылық құрылым негізінде қарастырылып, озық индустриялық технология, сапалы жұмыс күшін, сонымен қатар, жоғары деңгейдегі мәдени ортамен де байланысады. Алайда, большевистік теоретиктер кейбір қалалар туралы утопиялық идеяларды жұмыс күшін тиімді үрдісі - өз кезегінде механикалық тұрмыстық құрылымдардың нәтижесінде пайдаланылады. Қалалар коммунистік өмір нормалардың межелері озық пролетариаттық және революциялық тенденция ретінде қарастырыла бастады. Осындай толқулардың жүргізілуінің нәтижесінде әлеуметтік мобильділік және мүгедектердің өмірлік аясы туралы, жалпы мүгедектер туралы мүлдем сөз қозғалуы мүмкін емес болды.

Екінші кезең бұл -30 жылдардағы социалистік қалаларды және қалаларды әлеуметтік тану талқылауымен байланысты. Талқылау «урбанистика» және «дезурбанистика» негізінде жүзеге асырылды. Бір топ қалаларды мықты индустрия орталығына айналдыруды қолдауға негізделсе, ал келесі топ керісінше, қалаларды нығайтуға қарсы шығып, қалалардың индустриялды орталыққа айналуына толық қарсылықтарын білдірді.

Осы кездерде қалалардың әлеуметтік көрінісін әскери-индустриалды кәсіпорындар айқындауды жүзеге асырды. Бұл өз кезегінде орта және ұсақ қалалардың назардан тыс шетте қалуына себеп болды. Осы тұста мұндай қалаларды тек қандайда бір қосымша негізде пайдалану көзделді. Мемлекеттің мақсаты мен саясаты негізінде қалалардың даму кезеңі айқындалатыны белгілі. Ол өз кезегінде жеке адамның қызығушылығын есепке алмағандықтан, бұл жерде мүгедектер туралы мүлдем сөз болмайтыны анық.

Үшінші кезеңде қалаларды зерттеу - 60-70 жылдар аралығын қамтыды. Осы тұста әлеуметтану ғылымында жаңа есімдер пайда бола бастады. Мысалы, Яницкий О.Н., Платонов Г.Д., Березин М.П., Баранов А.В., Новиков Н.В., Антипина Г.С., Рукавишников О.В. Қалаларды әлеуметтік зерттеулер бұл кезеңде бірнеше бағыттарда жүзеге асырылады.

Төртінші кезең 1991 жылға дейінгі аралықты қамтиды. Жалпы Қазақстан Кеңес Одағының қарамағында болғандықтан, мүгедектер туралы мағлұматтар нақты айтылмайтын. Мүгедектер «жоқ болғандықтан», олардың өмір сүру жағдайларын, сапасын жақсартуға арнайы іс-шаралар атқарылмады. Кенттер мен қалалардың инфрақұрылымдары, көшелері мен жолдары халықтың жас дені сау топтарына есептеліп, соларға арналып салынды. «Кедергісіз орта» термині 1991 жылы «Қазақстан Республикасында мүгедектерді әлеуметтік қорғау туралы» заңында жазылды. Бұл заң қабылданғаннан бері 24 жыл өтті. Сол уақыттан бері қалаларда, елді-мекендерде көптеген қоғамдық және тұрғылықты ғимараттар, объектілер, көлік жолдары, сауықтыру орындары т.с.с. ғимараттар салынып, халықтың игілігіне орай пайдаланылуда. Осы кешендер, заң бойынша, сонымен қатар мүмкіндігі шектеулі жандарға қолжетімді болып салынулары керек.

Қолжетімді орта объектілерін зерттеу бойынша мүмкіншілігі шектеулі адамдар үшін маңызды объектілер:

- спорт кешендері мен мекемелері
- әлеуметтік қызмет көрсету орталықтары
- емханалар мен ауруханалар
- қаланың көлік инфраструктурасы (әуежай, темір жол вокзалы, қоғамдық көліктер т.б.)
- мәдени мекемелер: театр, кино, мұражай
- қаланың немесе аймақтың әкімшілігі
- күнделікті нысандар және қызмет көрсетулер (дүкен, химиялық тазарту орындары, жөндеу орталықтары т.б.)

Қол жетімді ортаның негізгі элементтері:

- көлбеулеу, еңістеу пандустар
- есік орындарының кеңдігі
- сатушы сөресі мен дәмханадағы үстелдерінің аласалығы
- пандуспен жабдықталған көліктер
- арнайы қамсызданған гигиеналық жерлер
- дыбысты және бейнелі (видео) индикациямен, Брайле әріпімен қайталанған кнопкалы символдармен қамтамасыз етілген жеделсатылар,
- қолжетімді ортаның басқа да элементтері.

Осы тұста нысанның қолжетімділік қағидатында ескеретін жәйт, жалпы алғанда мүгедектіктің бірнеше түрлері бар (көздің көрмеуі, құлақтың естімеуі, тірек-қимыл аппаратының бұзылуы және т.б. мүгедектіктің категориялары). Осы негізде мүгедектіктің әр түрлі категорияларының нысанға қолжетімдігін ескерген жөн. Қолжетімді орта тек мүгедектер үшін ғана қажет емес, сонымен қатар, азаматтық халықтың тобын да жатқызамыз. Оларға арбадағы сәбилері бар аналар, қарт адамдар, велосипед немесе роликті конькидегі адамдар және т.б. Негізінен алғанда халықтың барлық тобына нысанның қолжетімділігін ескерген жөн.

1-Сызбанұсқа. Қоршаған ортаның әр түрлі элементтерінің қол жетімділік мәселесі (дүниежүзіндегі 600 мекеме бойынша) [2].

Қоршаған орта элементтері	Пайыздық үлесі
Қоғамдық жерлер (әлеуметтік маңызы бар)	87%

пайдаланылатын орта)	
Ішкі сәулет-құрылысы (екінші дәрежедегі табиғи орта)	65,2%
Көлік	43,8%
Тұрғын-үй құрылысы, үйлер, ғимараттар	56,5%
Қол жетімді стандартқа мүлдем сәйкес емес	28,1%

Дамыған елдерде мүмкіндіктері шектеулі адамдарға көмектің деңгейі өте жоғары. Мысал ретінде Германияны сөз етсе болады, онда кез келген автокөлік жүргізушісі мүгедектерге арналған автотұрақтардағы орынды алуды орынсыз деп санайды. Испания елінде метроларда мүмкіндіктері шектеулі адамдарға арналған азаматтарды көтеріп және түсіруге арналған лифтілер жұмыс істейді. Осындай лифтілерде баспалардың сандары нашар көретін адамдарға арналған Брайль әліпбиі бойынша қосарланып көрсетілген. Ұлыбританияда мүгедектердің өміріне қолайлы жағдай жасауға барлық күш жұмылдырылады. Мәселен, бұл елде мүмкіндігі шектеулі адамдарға арналған арнайы дайындалған көтерме механизмдердің және басқа да техникалық құралдары жоқ ешқандай мұражайды кездестірмейсіз, ал кейбір жерлерде келушілерге мүгедек арбалары ұсынылады екен. Британдық қалалық автожолдарда дыбыстық дабылдармен жабдықталған бағдаршамдар барлық санаттағы мүгедектердің өмірін жеңілдетіп тұр. Ал көруі нашар жандарға қолайлы жағдай туғызу үшін «сөйлейтін» лифтілер орнатылған. Британдық автобустардың барлығы да бірдей пандустармен жабдықталған, соның көмегімен мүгедектер автобус салонына оңай көтеріледі. Әрбір ірі супермаркеттерде және қоғамдық орындарда мүгедектерге арналған арнайы дәретханалар орнатылған.

2-Сызбанұсқа

Қаладағы қол жетімді инфрақұрылысты бағалау



Қазіргі таңда мүгедектерге қатысты мәселелер өте көп. Әлеуметтік көлік және инфрақұрылымдық нысандардың 77 пайызы мүгедектерге қолжетімсіз. Мектепке дейінгі мекемелердің 96 пайызында және мектептердің 83 пайызында инклюзивті білім беруге жағдай жасалмаған. Мүгедектерде қолжетімді ортаны заңнамалық және нормативтік реттеу жетілдірілмеген. Қолжетімді ортаны құру үшін мемлекеттік биліктің, бизнестің және қоғамдық ұйымдардың өзара қарым-қатынасы жоқ. Өзірленген заң жобасы мүгедектерді саяси, әлеуметтік, экономикалық, мәдени және ҚР Конституциясында, сондай-ақ, еліміз қатысатын Халықаралық шарттарда көрсетілген басқа да құқықтары мен бостандықтарын іске асыруда барлық азаматтармен тең мүмкіндіктермен қамтамасыз етуге бағытталған[3].

Елбасы Қазақстан халқына Жолдауында «бұл адамдарға қамқорлық көрсету, – біздің қоғамның және өзіміздің алдымыздағы парызымыз» деп атап көрсеткендей, еліміздегі әлеуметтік саясаттың басты бағыттарының бірі болып - мүмкіндігі шектеулі адамдардың жағдайын жақсарту болып табылады. Қазіргі таңда елімізде 600 мыңнан астам мүгедек

жандар бар, яғни халықтың жалпы санының 3,5% -дан астамын құрайды. 2008 жылдың 13 желтоқсанында Қазақстан Республикасы Мүгедектердің құқықтары туралы халықаралық конвенцияға қол қойды. Қазақстан конвенцияға 137-ші мемлекет болып қосылды. Осы конвенцияның 30- бабына сәйкес мүгедектер мәдени өмірге, бос уақыты мен демалысын өткізуге және спортпен шұғылдануға қатысу құқығына ие. Сол себепті бүгінде мүмкіндігі шектелген адамдарға тек әлеуметтік жәрдемақы, медициналық көмек көрсетудегі жеңілдіктермен қамтамасыз етіп қана қоймай, мүмкіндігі шектеулі адамдар үшін ең басты армандарының бірі- тыныс-тіршілігіне қажетті қолжетімді ортаға жету арқылы қоғам өміріне белсенді араласу мүмкіндігіне ие болу маңыздылығы болып табылады.

Қазіргі таңда мүмкінділігі шектеулі адамдарға қолжетімді орта құру өзекті мәселелердің бірі болып табылады. Сол себепті мүмкіндігі шектеулі адамдарға қолдау көрсету, олардың қоғамда табысты әлеуметтенуі және ықпалдасуы, еңбек және шығармашылық мүмкіндіктерін іске асыруға қоғамдық күштерді, мемлекеттік органдар мен кәсіпкерлерді барынша жұмылдырған жөн. Яғни, Мүгедектерді әлеуметтік қоғамға кіріктіру. Қорытындылай келгенде мүмкіндігі шектеулі адамдардың мүмкіндіктерін арттыратын қажетті құрал-жабдықтармен қамтамасыз етіп, табыс тауып, өзін лайықты, сенімді адам сезінуіне ықпал етуіміз керек. Бүгінгі күнде мүмкіндігі шектеулі адамдардың ғимараттарда еркін қозғалуына арналған пандустардың орнатылуы түйткілді мәселенің бірі. Ең бастысы, өмірдің белсенді азаматына айналуына мүмкіндік беретін әлеуметтік-экономикалық жағдайлар жасауымыз керек.

Қолданылған әдебиеттер

1. Яницкий О. Социология города // Москва 1998 г. С.148-159.
2. Government Implementation of the Standard Rules As Seven by Member Organizations of Disabled Peoples' International DPI
http://www.independentliving.org/standardrules/DPI_Answers/DPI.pdf.
3. <http://www.inform.kz/kaz/article/2739188>
4. Социологический энциклопедический словарь / Москва 1998 г. С.140

УДК 364.694-053

МҮМКІНДІКТЕРІ ШЕКТЕУЛІ БАЛАЛАРҒА ҮЙДЕ ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ БӨЛІМШЕСІНДЕГІ ЦЕРЕБРАЛДЫ САЛ АУРУЫНА ШАЛДЫҚҚАН БАЛАЛАРҒА ӘЛЕУМЕТТІК ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК ЖҰМЫС БОЙЫНША МАМАННЫҢ КОМПЕТЕНЦИЯЛЫҚ МІНДЕТТЕРІНЕ ТАЛДАУ

Каирбекова Гульжан Ерланқызы

kairbekova.gulzhan@yandex.ru

Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, «Әлеуметтік жұмыс» мамандығының 1 курс магистранты, Астана, Қазақстан

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2011 жылғы 28 қазандағы № 1222 Қаулысымен бекітілген Халықты әлеуметтік қорғау саласында үйде қызмет көрсету жағдайында арнаулы әлеуметтік қызмет көрсету стандартында 18 жасқа толмаған мүмкіндіктері шектеулі балаларға үйде әлеуметтік қызмет көрсету ерекшеліктері белгіленген (ары қарай Стандарт). Оның ішінде қызмет көрсету формалары, мөлшері, қызмет көрсетілетін жағдайлар, қызмет алу үшін тапсырылатын құжаттар мен өтініш формалары, қызмет тоқтатылатын жағдайлар мен қызмет көрсетудің өзге де тұстары сипатталған. Осы Стандартта әлеуметтік жұмыскерлердің атқаратын қызметтерінің барлығы белгіленгенімен, қызмет көрсетуде оларды түгелдей бір адам үшін орындау физикалық тұрғыда мүмкін емес көрінеді.

Стандартта қызмет көрсетуге медициналық қарсылықтар белгіленіп отырса да, мүгедек баланың отбасында әлеуметтік қауіпті ауруларға шалдыққан адамдар, немесе психикалық